

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 21 маусымдағы № 354 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 шілдеде № 23230 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің мәселелерінің" 15-тармағының 102) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 22.08.2023 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі комитеттерінің төрағалары, департаменттерінің бастықтары, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, (Көліктегі) полиция департаменттері, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің бастықтары:

1) орынбасарларының біріне ішкі істер органдарын ғылыми қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша функцияны жүктесін;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарымен ғылыми зерттеулер жүргізуге өтінімдер беру және орналастыру және олардың нәтижелерін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының практикалық қызметіне енгізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр саясаты департаментіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

Е. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

Бұйрықпен бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) жүйесінде ғылыми зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ғылыми-зерттеу қызметі ПО-ның үдемелі дамуы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ететін ПО қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

3. ПО ғылыми-зерттеу қызметінің қағидаттары:

1) заңдылық (ғылыми-зерттеу қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестікте жүзеге асыру);

2) дара басшылық (ғылыми-зерттеу қызметін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, оның орынбасарларының шешімдері, ПМ Ғылыми-техникалық кеңесінің (бұдан әрі – ПМ ҒТК) шешімдері, ПМ ҒТК бейінді секциялары немесе олардың басшыларының қызмет бағыттары бойынша, ПМ Кадр қызметі басшысының шешімдері негізінде, сол сияқты олармен келісім бойынша не оларды хабардар ете отырып жүзеге асыру);

3) ПО ведомстволық ғылыми мүдделерінің басымдығы (егер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі өзгеше белгілемесе, ПО мәселелерін шешу, олардың үдемелі дамуы мен жаңғыртылуы үшін ПО қызметі саласында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру);

4) ПО практикалық қажеттіліктеріне қарай бағдарлау (ПО практикалық қызметі саласындағы өзекті проблемаларды шешуде басым бағытпен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру);

5) ғылыми әдептілік (ғылыми әдеп нормаларын сақтау – ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру кезінде ғылыми-зерттеу қызметінің жалпыға танылған қағидаттары, қағидалары, әдістері, оның ішінде плагиаттың және ғылым саласындағы жосықсыз көріністердің басқа да көріністерінің орын алмауы);

6) сапаға бағдарлану (ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру кезінде барынша жоғары сапалы нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдау; ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері сапасының олардың санынан басымдығы);

7) ПО қызметіндегі ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелерінің пайдалылығы (ПО нақты проблемаларын шешуде немесе олардың үдемелі дамуы мен жаңғырту жолындағы мақсаттарына қол жеткізуде ғылыми-зерттеу нәтижелерінің барынша пайдалы болуы үшін барлық ықтимал шараларды қабылдау);

8) қазіргі заманғы әлемдік ғылыми-технологиялық үрдістерге және дәлелді әдістерге бағдарлану (жүргізіліп жатқан зерттеулердің әлемдік ғылым мен технологиялардың өзекті бағыттарымен жүйелі арақатынасын, нәтижелердің практикалық қолданылуы мен тиімділігін қамтамасыз ететін дәлелді, жаңғыртылатын тәсілдер мен дәлелденген деректерді пайдалануды көздейді);

9) инновацияларды енгізу мен трансферді оңтайландыру (ПО қызметінде жаңа технологияларды, әдістер мен басқару шешімдерін әзірлеу, беру және практикалық қолдану процестерін жетілдіру).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаты – ПО-ның жедел қызметіндегі проблемаларды анықтауға және жоюға, ПО-ның қызметін жетілдіруге және оны дамыту мен жаңғыртудың стратегиялық бағыттарын айқындауға ғылыми негізделген тәсілдер дайындау.

5. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің міндеттері:

1) ПМ өтінімдері шеңберінде және ПО ғылыми-зерттеу қызметі субъектілерінің бастамасы бойынша ПО практикалық қызметінің өзекті бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, оның орынбасарларының, ПМ бөліністері басшыларының, ПМ білім беру ұйымдарының басшыларының нұсқауы бойынша ПО жедел-қызметтік жұмысының ағымдағы мәселелерін шешу үшін ғылыми-аналитикалық іс-шаралар жүргізу;

3) ПМ мен оның бөліністерінің заң шығару, практикалық және өзге де жедел-қызметтік бағыттағы қызметтерін ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету;

4) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ПО-ның практикалық қызметіне және ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне енгізу, сондай-ақ ПО құрылымында нәтижелерді тарату;

5) ПО-ның ғылыми, практикалық қызметі мен ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінің тиімді өзара ынтымақтастығына ықпал ету;

6) ПО-ның ғылыми-зерттеу қызметін, ПМ ведомстволық білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие процесін жетілдіру;

7) ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы өзара тиімді халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері - нормативтік-құқықтық және ұйымдастыру-әдістемелік, ақпараттық-талдамалық, оқу және оқу-әдістемелік, ғылыми материалдар мен ғылыми-техникалық әзірлемелер болып табылады, олар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған жаңа білімдерді немесе шешімдерді, модельдерді, макеттерді, жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың үлгілерін, сол сияқты оларды осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес ПО-ның практикалық қызметіне және ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне енгізуді қамтиды.

7. Ғылыми-зерттеу қызметінің түрлері:

1) іргелі зерттеулер (табиғат, қоғам, адам дамуының негізгі заңдылықтары және олардың өзара байланысы туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған (теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер));

2) қолданбалы зерттеулер (практикалық мақсаттарға қол жеткізу және ПО-ға жүктелген нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға бағытталған қызмет).

ПО жүйесіндегі ғылыми зерттеулердің негізгі түрі қолданбалы зерттеулер болып табылады.

Іргелі зерттеулер стратегиялық дамудың институционалдық проблемаларын шешу және ПО-ны жаңғырту кезінде жаңа ғылыми білім алуды талап ететін ерекше жағдайларда жүргізіледі. Іргелі зерттеулер жүргізу туралы шешімді Ішкі істер министрі, оның орынбасарлары, қызмет бағыттары бойынша ПМ ҒТК бейінді секцияларының басшылары немесе ПМ кадр қызметінің басшысы қабылдайды.

Қолданбалы зерттеулерді орындаудың жалпы ұзақтығы бір жылдан, ал іргелі зерттеулерді орындаудың жалпы ұзақтығы екі жылдан артық емес.

8. ПМ білім беру ұйымдарымен Ішкі істер министрі, оның орынбасарлары, ПМ бөліністерінің басшылары не ПМ тиісті білім беру ұйымдарының басшысы бастамашылық еткен ПО жедел-қызметтік жұмысының ағымдағы мәселелерін шешуге бағытталған қолданбалы сипаттағы жоспардан тыс ғылыми зерттеулер, яғни ғылыми-аналитикалық іс-шаралар (ғылыми-құқықтық талдау, сараптама, заңнаманы жетілдіру бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстарды, әдістемелік ұсынымдарды, нормативтік құқықтық актілердің ғылыми-құқықтық түсіндірмелерін дайындау және т.б.) өткізеді.

Қолданбалы сипаттағы жоспардан тыс ғылыми зерттеулерді жүргізу мерзімі –алты айдан артық емес.

2-тарау. Ішкі істер органдары ғылыми-зерттеу қызметінің субъектілері

9. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметінің субъектілері - ПМ және оның бөліністері, ПМ ҒТК, ПМ ҒТК бейінді секциялары, ПМ аумақтық бөліністері, ПМ білім беру ұйымдары, ПМ білім беру ұйымдарының білім алушылары, профессорлық-оқытушылық және ғылыми құрамы болып табылады.

10. Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жоспарлау үшін ПМ-де тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган – ПМ ҒТК жұмыс істейді.

11. ПМ ҒТК құрылымына ПМ қызметінің негізгі бағыттары бойынша бейінді секциялар кіреді. ПМ ҒТК бейінді секциясының басшысы тиісті бейіндегі ПМ бөлінісінің басшысы болып табылады.

ПО қызметінің аралас бағыттары бойынша ПМ ҒТК біріккен бейінді секцияларын құруға жол беріледі. ПМ ҒТК біріккен бейінді секциясын тең құқықтар мен шарттар негізінде қызметтің тиісті бағыттары бойынша ПМ бөліністерінің басшылары басқарады.

12. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру және бақылау ПМ кадр қызметіне жүктеледі.

ПМ кадр қызметінің ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру және бақылау саласындағы құзыреттері:

1) ПМ ҒТК және оның бейінді секцияларының қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

2) ПМ Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына ПМ бөліністерінің өтінімдерін жинау және талдау;

3) ПМ Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарын құру, оның орындалуын бақылау;

4) ПМ бөліністеріне ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

5) ПО ғылыми-зерттеу қызметі субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

6) ПО-ның ғылыми, практикалық қызметі мен ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінің тиімді түрде өзара бірігуіне ықпал ету;

7) ИМ ведомстволық ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;

8) ИО-ның практикалық қызметіне және ИМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне ғылыми зерттеулердің, ғылыми-техникалық зерттемелердің нәтижелерін енгізу және қолдану бойынша көмек көрсету.

13. ИМ білім беру ұйымдарының ғылыми-зерттеу қызметіне жалпы басшылықты бастық, тікелей түрде ИМ білім беру ұйымының бастығының жетекшілік ететін орынбасары жүзеге асырады.

ИМ білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу қызметі ИО ғылыми-зерттеу қызметінің мақсатын іске асыруға және міндеттерін шешуге бағытталады.

14. Іргелі және қолданбалы зерттеулердің субъектілері тапсырыс берушілер мен орындаушылар (бірлесіп орындаушылар) болып табылады.

15. Тапсырыс берушілер ИМ және оның бөліністері, ИМ білім беру ұйымдары болып табылады.

ИМ білім беру ұйымдарының бастамашыл тақырыптарының тапсырыс берушісі өзінің базасында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырылатын тиісті ИМ білім беру ұйымы болады.

Тапсырыс беруші:

1) ғылыми зерттеуді талап ететін проблемаларды анықтайды және оны талқылайды;

2) ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізуге өтінімдер мен тапсырмаларды құрады;

3) орындаушыға ғылыми зерттеулер жүргізу үшін статистикалық, аналитикалық, ақпараттық-анықтамалық материалдарды ұсынады, оның ішінде авторлық ұжымның құрамына қатысу үшін өз өкілдерін бөле отырып, орындаушыға көмек көрсетеді және тікелей қатысады;

4) ғылыми зерттеулердің аралық және қорытынды нәтижелерін қабылдайды және оған баға береді, қорытынды нәтижелерді қабылдау актісін ресімдейді;

5) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жедел-қызметтік қызметке, оқу-тәрбие процесіне енгізуді (кезең-кезеңмен) қамтамасыз етеді, енгізу актісін ресімдейді және енгізу тиімділігін бағалайды;

6) зерттеу нәтижелерін тіркейді, есепке алады және сақтайды;

7) ИМ ҒТК-ге және (немесе) ИМ кадр қызметіне ИО ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

16. Ғылыми-зерттеу жұмысының орындаушылары ИМ білім беру ұйымдары, ИМ білім беру ұйымдарының білім алушылары, ИМ құрылымдық бөліністерінің, ИО аумақтық бөліністерінің қызметкерлері қатарынан авторлық ұжымдар болып табылады.

Орындаушы:

1) жұмыстың бағдарламалық құжаттамасын дайындайды;

2) тапсырыс берушіден қажетті статистикалық, аналитикалық, ақпараттық-анықтамалық және өзге де қажетті материалдарды сұратады;

3) ғылыми-зерттеу қызметін тікелей жүзеге асырады;

4) ғылыми іс-шараларды (конференциялар, дөңгелек үстелдер, брифингтер, семинарлар, вебинарлар) ұйымдастырады, өткізеді және өткізуге қатысады;

5) ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру кезінде ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын проблемалар мен қажеттіліктер туралы тапсырыс беруші мен ПМ кадр қызметіне уақтылы хабарлайды;

6) тапсырыс берушіге және ПМ кадр қызметіне ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін ұсынады;

7) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізуге қатысады;

8) ғылыми зерттеу нәтижелерін тіркейді, есепке алады және сақтайды;

9) ПМ ҒТК-ге және (немесе) ПМ кадр қызметіне ПО ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

17. Бірлесіп орындаушы орындаушының құзыретіне сәйкес әрекет етеді. Бірлесіп орындаушы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге жетекшінің жалпы басшылық етуімен орындаушымен бірлесіп қатысады.

18. Субъектілер арасындағы қайшылықтар мен келіспеушіліктер ПМ ҒТК мәжілісінде қаралады. Ғылыми зерттеуді жүргізу басырысында өзінің міндеттерін сапасыз, жөн-жосықсыз орындаған немесе уақтылы орындамаған жағдайда, не болмаса оны орындаудан бас тарқан жағдайда субъектілер тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

3-тарау. Ішкі істер органдарының ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру

19. ПО-ның ғылыми-зерттеу қызметі ПМ-нің және ПМ білім беру ұйымдарының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарларына сәйкес ПМ бөліністерінің, аумақтық ПО-ның өтінімдері бойынша, сондай-ақ ПМ білім беру ұйымдарының бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау және іске асыру кезінде мынадай өзара байланысты құралдар пайдаланылады:

ғылыми пысықтауды және шешуді талап ететін практикалық проблемаға, оның өзектілігін, ПО қызметі үшін маңыздылығын анықтау және Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына енгізу қажеттілігін айқындау мақсатында талдау жүргізу және негіздеу;

оны қолдану мүмкіндігін бағалаумен халықаралық тәжірибені зерделеу;

ғылыми-зерттеу қызметін іске асыру тиімділігінің нақты нысаналы көрсеткіштерін белгілей отырып, жобалық басқару әдістерін қолдану;

өтінімнен бастап енгізу актісіне және әсер туралы есепке дейін (ПМ білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында) бүкіл циклдің цифрлық навигациясы.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңына, "Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ Кодексіне, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының ақылы негізде берілетін тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 763 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18024 болып тіркелген), "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери және арнаулы оқу орындарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 762 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18028 болып тіркелген) сәйкес белгіленген тәртіпте ПМ білім беру ұйымдары ғылыми-зерттеу қызметінің ақылы түрлерін жүзеге асырады.

21. ПО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау төмендегі мәселелерді қарастырады:

1) күнтізбелік жылға арналған ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары;

2) күнтізбелік жылға арналған ПМ білім беру ұйымдарының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарлары.

22. ПМ Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының жобасын осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПМ кадр қызметі дайындайды.

23. ПМ құрылымдық бөлінісі зерттеудің өзекті тақырыптары бойынша ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына ұсыныстарды ПО аумақтық бөліністерінің өз ұстанымдары мен ұсыныстары негізінде құрады. ПО аумақтық бөліністерінің ұсыныстары ПМ-нің тиісті бөліністеріне жолданады.

24. ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПМ құрылымдық бөліністерінің ұсыныстары негізінде әзірленеді және ПМ кадр қызметіне жолданады.

25. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге өтінім осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. ПМ құрылымдық бөліністерінің өтінімдеріне орындаушылар келісімін беруі керек.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған тапсырма осы Нұсқаулықтың 19-тармағында айқындалған құралдар ескеріле отырып қалыптастырылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына ПМ бөліністерінің өтінімдері негізінде ПМ ҒТК шешімі бойынша төмендегідей негізде өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі:

1) мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, ПМ стратегиялық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) қосымша ғылыми зерттеуді талап ететін ғылыми-зерттеу қызметінің жаңа аспектілерінің пайда болуы;

3) ғылыми-зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық маңыздылығын жоғалтуы;

4) орындаушының немесе тапсырыс берушінің бөлінісіндегі ұйымдастырушылық-штаттық өзгерістер.

27. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарын осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлінісі (бұдан әрі-ҒЗжРБЖҰ бөлінісі) әзірлейді.

28. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарын іске асыруға бағытталады.

ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарында көзделген тақырыптар және бастамашылық тақырыптары енгізіледі.

29. Бастамашыл ғылыми-зерттеу тақырыптары төмендегілерге бағытталады:

1) ПО қызметіне тікелей байланысты емес оқу пәндері бойынша проблемаларды шешу және оқу процесін жетілдіру (жаңа оқу, оқу-әдістемелік материалдарды дайындау);

2) проблемаларды шешу және оқыту (оқыту) әдістемесін жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу.

Бастамашыл тақырыптар бойынша зерттеу жүргізу үшін өтінім жасалмайды.

30. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарында көзделген жалпы ғылыми жүктеме олардың бейіндік бағытын ескере отырып, ПМ білім беру ұйымының ғылыми және оқу бөліністері арасында біркелкі бөлінеді.

31. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарын құру үшін ҒЗжРБЖҰ бөлінісі:

1) жоспарланатын жылдың алдындағы жылының 1 қарашасына дейінгі мерзімде ПМ білім беру ұйымының бөліністерінен бастамашыл тақырыптарын ұсынуға ұсыныстар сұратады;

2) жоспарланатын жылдың 15 желтоқсанына дейінгі мерзімде ҒЗжРБЖҰ бөлінісі:

– бастамашыл тақырыптары бар ПМ білім беру ұйымының бөліністерінің өтінімдері

;

– ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарында көзделген тақырыптарды ПМ білім беру ұйымының бейінді бөліністері арасында олардың келісімі бойынша бөлу негізінде ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының жобасын құрады.

32. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының жобасы ПМ білім беру ұйымының Ғылыми кеңесінде қаралады және жоспарланатын жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде ПМ білім беру ұйымының бастығы бекітеді.

33. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары жоспарланатын жылының 15 қаңтарына дейінгі мерзімде ПМ кадр қызметіне жолданады.

34. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ПМ білім беру ұйымы Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша төмендегідей негіздемелер бойынша жол беріледі:

1) мемлекеттік және салалық бағдарламаларға, ПМ стратегиялық жоспарына, ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) бастамашыл тақырыптар бойынша қосымша ғылыми зерттеуді талап ететін жаңа аспектілердің пайда болуы;

3) бастамашыл тақырыптар бойынша зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын жоғалтуы;

4) авторлық ұжым құрамындағы кадрлық өзгерістер.

35. Ғылыми-зерттеу жұмысы жұмыс бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыс бағдарламасын орындаушы осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары бекітілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде әзірлейді және тапсырыс берушімен келіседі, одан кейін тапсырыс берушімен келісілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ПМ білім беру ұйымының бастығы немесе оның жетекшілік ететін орынбасары бекітеді.

Жоспардан тыс қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер үшін жұмыс бағдарламасы жасалмайды.

Бастамашыл тақырыптар бойынша жұмыс бағдарламасын ПМ білім беру ұйымы бастығы не оның жетекшілік ететін орынбасары ПМ білім беру ұйымы Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары бекітілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді.

Егер ғылыми зерттеулердің нәтижелері оқулық, оқу құралы, монография болып табылса, жұмыс бағдарламасымен қатар осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолжазбаның жоспар-проспектісі жасалады.

36. Ғылыми-зерттеу жұмысы кемінде үш адамнан тұратын авторлық ұжым жүзеге асырады.

ПМ білім беру ұйымдарының базасында өткізілетін авторлық ұжымдарының құрамына орындаушы бөлініс қызметкерлерінен өзге тапсырыс берушінің бір өкілі, докторанттар, магистранттар қосылады.

37. Авторлық ұжымының жетекшісі болып жоғары білікті мамандар – ПМ білім беру ұйымы құрылымдық бөлімшелерінің бастықтары, олардың орынбасарлары,

профессорлар, доценттер, аға ғылыми қызметкерлер және ІО аумақтық бөліністерінде кемінде 3 жыл қызмет өтілі бар аға оқытушылар тағайындалады.

ІМ білім беру ұйымдарының басшылары авторлық ұжымдардың жетекшілері ретінде ұсынылу құқығына ие.

Авторлық ұжымның құрамы мен санын авторлық ұжымның басшысы белгілейді.

38. Авторлық ұжымның басшысы жұмысты ұйымдастырады және ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей қатысады, олардың нәтижелеріне, уақтылы орындалуына және тапсырыс берушіге ұсынылуына жауап береді.

Ғылыми зерттеулер шеңберіндегі жұмыс бойынша авторлық ұжым басшысының нұсқаулары авторлық ұжымның барлық мүшелері үшін міндетті болып танылады.

39. Ғылыми зерттеу аяқталғаннан кейін орындаушы осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды есепті ресімдейді, ол ІМ білім беру ұйымының Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қаралады және мақұлданған жағдайда оны ІМ білім беру ұйымының бастығы бекітеді.

Қорытынды есеп бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде, бірақ ғылыми-зерттеу жұмысының аяқталатын күніне дейін он бес күннен кешіктірілмей тапсырыс берушіге жіберіледі.

40. Ғылыми зерттеудің орындалуына аралық бақылауды тапсырыс беруші жұмыс бағдарламасы бекітілген күннен бастап үш айдан ерте емес және зерттеудің барлық кезеңінде екі реттен артық жүргізбейді.

Ғылыми зерттеудің орындалуына аралық бақылау тапсырыс беруші орындаушыдан алынған нәтижелерді (егер бар болса) немесе өзге де материалдарды қоса бере отырып, атқарылған жұмыс туралы анықтаманы талап ету арқылы жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші орындаушыдан аралық бақылау материалдарын (атқарылған жұмыс туралы анықтама және қосымшалар) алған күннен бастап бір ай ішінде орындалған жұмыстың мәні бойынша орындаушыға еркін нысанда ескертулер мен одан әрі зерттеуді жетілдіру жөнінде нұсқаулар жібереді.

41. Тапсырыс беруші қорытынды есепті және барлық нәтижелерін алған күннен бастап бір ай ішінде ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қабылдауды жүзеге асырады.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдау кезінде алынған нәтижелердің бекітілген өтінімге, тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасына сәйкестігін талдауды қамтитын бағалау жүргізіледі.

Бастапқы бағалау қорытындылары бойынша оң шешім қабылданған жағдайда, ғылыми зерттеу нәтижелері және осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдау актісі ІМ Ғылыми-техникалық кеңесінің (бұдан әрі – ҒТК) және ІМ ҒТК бейінді секцияларының қарауына және бекітуіне шығарылады. Бекітілген қабылдау актісі орындаушыға жіберіледі.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдаудан бас тартқан жағдайда тапсырыс беруші орындаушыға пысықтау мерзімдерін көрсете отырып негіздеме жібереді. Пысықтау мерзімі – үш айдан аспайды.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға ғылыми зерттеу жүргізуге арналған өтінімде баяндалған қойылатын талаптарға орындаудың сәйкес келмеуі және зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есеп пен материалдарды дайындау кезінде техникалық ресімдеуді сақтамау негіз болып табылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. ПМ Ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына енгізілген зерттеу тақырыптары төмендегідей шарттар орындалған кезде аяқталды деп есептеледі:

- 1) қорытынды есеп бекітілді;
- 2) ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдау актісі бекітілді;
- 3) тапсырыс берушінің қызметіне енгізу актісі бекітілді.

43. ПМ білім беру ұйымдары ПМ кадр қызметіне жыл сайын жылдың 15 қаңтарына қарай өткен жылғы ғылыми-зерттеу қызметі туралы есепті осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

44. ПМ Кадр қызметі жыл сайын ПО ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындыларын жинақтайды және талдайды, осы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайды және оларды ПМ бөліністеріне және білім беру ұйымдарына жолдайды.

4-тарау. Ішкі істер органдарының қызметіне ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу

45. ПО қызметіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу тапсырыс берушінің оларды жедел-қызметтік қызметте, сондай-ақ ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде пайдалануы және іске асыруы нысанында жүзеге асырылады.

46. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен жоспарлауды ПМ ҒТК бейінді секциялары және тапсырыс берушілері болып табылатын ПО бөліністерінің басшылары жүзеге асырады.

47. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жедел-қызметтік қызметке тікелей енгізуді тапсырыс беруші болып табылатын ПО бөлінісі, тиісті қызмет бейініндегі оған ведомстволық бағынысты ПО бөліністері жүзеге асырады.

48. Нәтижелерді енгізуді сүйемелдеуді орындаушы жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші орындаушымен бірлесіп іске асыру жоспарын әзірлейді, оның ішінде:

- 1) жауапты бөліністер мен лауазымды адамдардың тізбесі;
- 2) апробация және көбейтудің (таратудың) күнтізбелік кестесі;
- 3) қабылдануға (өзгертуге) жататын нормативтік актілердің тізбесі (қажет болған жағдайда);

4) персоналды даярлау және оқыту жоспары (курстар, тағылымдамалар, нұсқамалар) (қажет болған жағдайда);

5) енгізудің кемшіліктерін, тиімді енгізуге кедергі келтіретін себептер мен жағдайларды анықтау, жалпылау және талдау, теріс факторларды жою және тиімді енгізуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу;

б) енгізудің нысаналы индикаторлары.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ПО-ның, жедел-қызметтік қызметіне және ПМ білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесіне енгізу үш кезеңде жүзеге асырылады, олар Енгізу жоспарында бекітілуі тиіс:

1) тапсырыс беруші айқындайтын, бірақ алты айдан аспайтын мерзімдегі пилоттық апробация;

2) апробация нәтижелерін бағалау және болған жағдайда енгізу үшін кедергілерді жою (ұйымдастырушылық, құқықтық, техникалық);

3) ПО-ның барлық мүдделі бөлімшелеріне тарату.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Тапсырыс беруші ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап алты ай ішінде ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізудің бірінші кезеңін жүзеге асырады. Бірінші кезеңнің оң нәтижелері алынған жағдайда, қабылдау актісіне қол қойылған сәттен бастап бір жыл өткенге дейін тапсырыс беруші енгізудің екінші және үшінші кезеңдерін жүзеге асырады.

51. Енгізудің оң нәтижелері болған жағдайда тапсырыс беруші болып табылатын ПО бөлінісінің басшысы орындаушыға осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актісін береді.

Зерттеуге тапсырыс беруші болып табылатын ПО бөлінісінің басшысы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу актісіне қол қояды және актіде жазылған мәліметтердің дұрыстығына дербес жауапты болады.

Енгізу актісі бір данада жасалады, ол орындаушыға, ал көшірмелері тапсырыс берушіге жолданады.

52. ПО-ның жедел-қызметтік жұмысында ПМ білім беру ұйымдарының бастамашыл ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін практикалық пайдалану бойынша нақты әдістемелік ұсынымдар болған жағдайда осы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ПО-ның жедел-қызметтік қызметіне енгізуге жол беріледі.

53. Орындаушы тарапынан болған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін белгіленген мерзімде енгізуге кедергі болатын кемшіліктер анықталған жағдайда,

тапсырыс беруші туындаған проблемаларды, олардың себептерін негіздей отырып, (қажеттілігіне қарай) растайтын материалдармен бірге, бұл туралы ПМ кадр қызметіне және орындаушыға жазбаша хабарлайды.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші ПМ кадр қызметінің келісімі бойынша орындаушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін кем дегенде бір ай, алайда үш айдан аспайтын қосымша мерзімді айқындайды.

54. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізгеннен кейін тапсырыс беруші қызметтің тиісті бөлімінің ПО ведомстволық бағынысты бөліністерінде енгізілген нәтижелердің тиісінше тұрақты пайдаланылуын және іске асырылуын бақылайды және нәтижелер енгізілген сәттен бастап бір жылдан кейін осы Нұсқаулыққа 12-қосымшаға сәйкес енгізудің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

Аяқталған ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізудің тиімділігін бағалау мыналарды қамтиды:

- нәтижелерді енгізу дәрежесін талдау (толық, ішінара, енгізілмеген);
- әлеуметтік, экономикалық және басқарушылық әсерлерді анықтау;
- мультипликативті әсерді анықтау;
- ПО қызметін дамытуға ғылымның үлесін бағалау.

ПО жедел-қызметтік жұмысында ғылыми-зерттеу жұмысының енгізілген нәтижелерін пайдалану және іске асыру тиімділігінің жағдайы туралы мәселе ПМ ҒТК-нің бейінді секцияларының мәжілістерінде жылына кемінде екі рет және ПМ ҒТК мәжілісінде жылына бір рет қаралады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2026 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. ПМ тиісті білім беру ұйымы ғылыми зерттеу нәтижелерін қабылдағаннан соң, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу-тәрбие процесіне енгізу отыз жұмыс күнінен кейін жүзеге асырылады.

56. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ПМ білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесіне енгізуді Ғылыми кеңес, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бөлініс, ҒЗжРБЖҰ бөлінісі және (немесе) ПМ тиісті білім беру ұйымының идеологиялық жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлініс жүзеге асырады.

57. ПМ білім беру ұйымының оқу-тәрбие процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу тәртібі ПМ білім беру ұйымының енгізуді жүзеге асыратын бөлінісінде ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелерінің сапасына ішкі сараптамалық баға беруді (сараптамалық қорытынды), ПМ білім беру ұйымының оқу-әдістемелік кеңесінде талқылауды (сараптамалық қорытынды негізінде) және ПМ білім беру ұйымы бастығының жетекшілік ететін орынбасары қол қойған енгізу актісін беруді қамтиды.

58. ПМ білім беру ұйымының Ғылыми кеңесі ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу-тәрбие процесіне енгізу кезінде:

1) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқу-тәрбие процесіне енгізудің нысандары мен әдістерін айқындайды, енгізуді бақылауды жүзеге асырады;

2) оқу-тәрбие процесінде Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін пайдаланудың жалпы тиімділігін бағалайды;

3) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу процесінде анықталған кемшіліктерді жою және ПМ білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу қызметін, сондай-ақ Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу және іске асыру жүйесін жалпы жетілдіру бойынша қызметін айқындайды және үйлестіреді.

59. ПМ білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бөлінісі:

1) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қабылдауды және оқу процесіне енгізуді ұйымдастырады;

2) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу процесіне енгізу туралы деректерді жинау, қорыту және талдау жұмыстарын жүзеге асырады;

3) ПМ білім беру ұйымының Ғылыми Кеңесіне енгізу процесінде анықталған ғылыми-зерттеу жұмысының кемшіліктері туралы ақпаратты, олардың себептерін, жағдайларын жою және ПМ білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу қызметін жалпы жетілдіру, оқу процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандары мен әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ұсынады;

4) ПМ білім беру ұйымының оқу процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандарын, әдістері мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ПМ білім беру ұйымының оқу бөліністерінің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды.

60. ПМ білім беру ұйымының кафедралары:

1) орындаушылардың сүйемелдеуімен (келісім бойынша) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ПМ білім беру ұйымының оқу процесіне енгізеді;

2) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу процесіне енгізу кезінде олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін, сондай-ақ енгізу нысандарының, әдістері мен рәсімдерінің кемшіліктерін айқындайды; ;

3) ПМ білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бөлінісіне және ПМ білім беру ұйымының ғылыми хатшысына ПМ білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру, ПМ білім беру ұйымының ғылыми қызметіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандарын, әдістері мен рәсімдерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ұсынады.

61. ПМ білім беру ұйымының ҒЗЖРБЖҰ бөлінісі:

1) ПМ білім беру ұйымының ғылыми қызметіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қабылдауды және енгізуді ұйымдастырады;

2) ПМ білім беру ұйымының ғылыми қызметіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу туралы деректерді жинау, қорыту және талдау жұмыстарын жүзеге асырады;

3) ПМ білім беру ұйымының Ғылыми Кеңесіне енгізу процесінде анықталған ғылыми-зерттеу жұмысының кемшіліктері туралы ақпаратты, олардың себептерін, жағдайларын жою және ПМ білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу қызметін жалпы жетілдіру, ПМ білім беру ұйымының ғылыми қызметіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандарын, әдістері мен рәсімдерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ұсынады;

4) ПМ білім беру ұйымы бөліністерінің ғылыми-зерттеу қызметіндегі кемшіліктерді жою және жетілдіру, сондай-ақ ПМ білім беру ұйымының ғылыми қызметіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандарын, әдістері мен рәсімдерін жетілдіру жөніндегі қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды.

62. ПМ білім беру ұйымының идеологиялық жұмыс жөніндегі бөлінісі:

1) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін қабылдауды және тәрбие процесіне енгізуді ұйымдастырады;

2) ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін тәрбие процесіне енгізу туралы деректерді жинау, қорыту және талдау жұмыстарын жүзеге асырады;

3) ПМ білім беру ұйымының Ғылыми Кеңесіне енгізу процесінде анықталған ғылыми-зерттеу жұмысының кемшіліктері туралы ақпаратты, олардың себептерін, жағдайларын жою және ПМ білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу қызметін жалпы жетілдіру, тәрбие процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандарын, әдістері мен рәсімдерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды ұсынады;

4) ПМ білім беру ұйымының тәрбие процесіне ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу нысандарын, әдістері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

5-тарау. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметі

63. ПМ білім беру ұйымы білім алушыларының (докторанттардың, магистранттардың, курсанттардың) ғылыми-зерттеу қызметі оқу-тәрбие процесімен қатар негізгі қызмет түрі болып табылады.

64. ПМ білім беру ұйымы білім алушыларының ғылыми-зерттеу қызметінің міндеттері:

1) ПО жүйесіндегі жалпы ғылыми міндеттерді шешу;

2) ПО-ның кәсіби қызметі саласындағы іргелі теориялық білімді тереңдетіп зерделеу және бекіту;

3) ғылыми-аналитикалық құзыреттерді қалыптастыру (ақпаратты талдау, синтездеу, жүйелеу қабілеті; ғылыми зерттеуді талап ететін проблемаларды анықтау; ғылыми ұстанымды дәлелдеу; ғылыми зерттеудің негізгі әдістерін, нысандары мен құралдарын

пайдалану; ауызекі және жазбаша сөйлеудің ресми және ғылыми-ресми стилін қалыптастыру);

4) ПО-ның жедел-қызметтік іс-әрекетінің міндеттерін шешуге қатысты шығармашылық, жасампаз және сыни ойлау дағдысын қалыптастыру.

65. ПМ білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін ғылыми-зерттеу қызметінің арнайы түрлері қарастырылған.

ПМ білім беру ұйымдарының білім алушылары ПО жүйесінде қарастырылған ғылыми-зерттеу қызметінің өзге де түрлерін жүзеге асыру немесе жүзеге асыруға қатысу құқығына ие.

66. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау олардың ғылыми жетекшілермен келісілген ПМ білім беру ұйымының ҒЗЖРБЖҰ бөлінісіне берген өтінімдері негізінде жүзеге асырылады. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми қызметінің жоспары жыл сайын жасалады және ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады.

67. Курсанттардың ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау кафедралардың ПМ білім беру ұйымының ҒЗЖРБЖҰ бөлінісіне берген күнтізбелік жылға арналған ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

68. Курсанттардың ғылыми-зерттеу қызметінің жоспары күнтізбелік жылға жасалады және ПМ білім беру ұйымының Ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады.

